

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

сауат ашу дәрістері жүргізіліп, Құран кәрім оқылып, діни білімнің негізі қаланатын. Сонымен қатар, осы дәуірде ғұламаларға қолдау көрсетіліп, ғылым іздеушілерге жол ашық болды. Сұлтандардың ерекше ілтипатының арқасында ғылым мен мәдениет тоқырауға ұшырамай, дамуын жалғастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Голдобин А.М., Гольдберг Д.И., Петрушевский И.П. История стран зарубежной Азии в средние века. – М: «Наука», 1970. – 640 б.
2. Семёнова Л.А. Салах ад-Дин и мамлюки в Египте. – М: «Наука», 1966. – 216 б.
3. Мұхаммад Мутиғ аль-Хафиз. Дамаск ғұламаларының тарихы (تاريخ علماء دمشق). – Дамаск: Дәр аль-фикр аль-муғасир, 1986, 537 б.
4. Ахмад Мухтар аль-Ибади. Мысыр мен Шамда алғашқы Мәмлүк мемлекетінің құрылуы (قيام دولة المماليك الأولى في مصر والشام). – Бейрут: Дәр аль-Нахда, 1986, 241 б.
5. Ализаде А.А. Исламский энциклопедический словарь. – М: «Ансар», 2007. – 400 б.

ӘОЖ 338. 24 (620)

ЕГИПЕТ АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР (1990-2000 ЖЖ.)

Мырзаханова Амина Кемаловна

Super.amina76@yandex.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Абжаппарова

Египет Араб Республикасының (ЕАР) реформаларды егжей-тегжейлі саралауда араб елдерінің ішінен таңдалынып алынғаны кездейсоқтық емес. Мысырдың Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағындағы басқа да мемлекеттермен тарихи, мәдени, экономикалық және геосаяси мәселері ортақ болғанымен ол осы аймақта ерекше орынға ие.

Біріншіден, Египет – ежелгі өркениеттің отаны, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағындағы бай мәдени тарихы бар ең ірі мемлекеттердің бірі. Ағылшын зерттеушісі П.Ньюберн, «Мысыр – бұл жарғаққа жазылған ертедегі жазу: Құран Інжілдің үстінен жазылған, Інжіл - Герадоттың үстінен, барлық қабаттардың арасынан көне Египет иероглифтері көрініп тұрады», деп, жазған болатын.(1.225б)

Мысыр еуропалық, азиялық, африкалық және америкалық мемлекеттерді өзара байланыстыратын негізгі халықаралық кеме және әуе жолдары тоғысатын, африкалық және азиялық континенттің түйіскен жерінде орналаса отырып, өте тиімді географиялық және маңызды геосаяси және әскери-стратегиялық жағдайға ие. Египет жерінен ағып өтетін Суэц каналы (161км) – Жерорта теңізін Үнді мұхитымен жалғайтын, әлемдік сауда-транспорттық және стратегиялық маңызды жолдардың бірі болып табылады. Суэц каналы мен Қызыл теңіз – Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Азия және Шығыс Африка елдерінен Батыстың дамыған елдеріне мұнай мен газ, басқа да өнімдерді тасымалдайтын ең басты бағыттардың бірі. Еуропадан Парсы шығанағы елдері, оңтүстік және оңтүстік- шығыс Азия елдеріне әскер жөнелтуде Суэц каналының маңыздылығы арта түсті.

Египеттің әлемдік сауда жолдарының тоғысындағы географиялық қолайлы орналасу жағдайы, халықаралық еңбек бөлінісі тиімділігін пайдалану мен шетел капиталын тартуға жағымды мүмкіндіктер тудырады.

Екіншіден, Египет – Африка елдерінің ішінде экономикасы біршама дамыған және реформалар жүргізуде тәжірибесі бар ел. Хосни Мұбарак билігі кезінде Египетте түбегейлі өзгеріс реформаларының белсенді үдерісі жүрді.

Мысырда басқа араб елдеріне қарағанда өндірістің феодалистік бағытынан ұлттық-капиталистік бағытына көшу тәсілі тез жүрді. Бұл жағдай елде ағылшындардың үстемдік құрып тұрған кезіне тұспа-тұс келіп, сол жағдаятқа тікелей байланысты болды. (2.10 б)

XIX ғасырға дейін бірнеше ғасырлар бойында Египет Осман империясының қол астында болды. Сол кезде феодализм жағдайында саясатта «шығыс деспотизм» деген атау алған, ал экономикада «өндірістің азиялық тәсілі» деп аталып кеткен әлеуметтік-психологиялық стереотип қалыптасты. 132 Мұндай әлеуметтік-экономикалық және саяси модель ақырында ұзақ онжылдықтар бойына тарихи үдерістің ары қарай дамуын тежеді.

1882 жылы Египетті ағылшында басып алады, 1923 жылы тәуелсіздігін жариялағамен, жетпіс жыл бойында Ұлыбританияға тәуелді болып, жартылай отары болды.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка аймағында Египеттің саяси, экономикалық және әскери рөлі оның даму тарихының әртүрлі кезеңінде, уақыт өте келе ірі радикалды өзгерістерді басынан кешірді.

Египеттің жаңа тарихы XX ғасырдың орта шенінен, атап айтқанда, 1952 жылы Г.А.Насырдың басқаруымен антимонархиялық революция болумен басталады. Екі онжылдыққа созылған (1952-1971жж.) Г.А.Насырдың билігі тұсында ел әртүрлі салаларда өздерінің ұлттық мүдделерін тұжырымдап және оларды жүзеге асыру қабілеттілігіне ие болды. Осы кезеңде басқа да араб елдері сықылды «социализмнің ерекше жолына» түсу идеясын жүзеге асыруға талпыныс жасауға шешім қабылданды. Аталмыш тұжырымдаманың экономикалық негізі мүлік, меншік барлық араб ұлтының игілігі деп түсіндірілді. Мемлекеттік, жекеменшік және кооперативтік формалар жалпыға ортақ әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ететін әлеуметтік меншіктің) алуан түрлері болып танылды (мемлекеттік меншік жетекші рөлде болды)

1970 жылдардың басында Г.А.Насыр қайтыс болғаннан кейін елде билік ауысты. Египет Араб Республикасының жаңа президенті болып А. Садат сайланды. Ануар Садат билігі кезінде Г.Насырдың жүргізген саяси және экономикалық бағыты әрі қарай өз жалғасын таппады.

Садаттың басқару тұсында екі маңызды кезең белгіленді: 1973 жылы Египет араб-израиль соғысында (1967 жылғы «алты күндік» соғыстан кейінгі екіншісі) жеңіліс тапты, ал, 1979 жылы Садат Израильмен Кэмп-Дэвидтік келісім-шартқа қол қойды. Бұдан басқа Садат «ашық есік» («инфитах») саясаты жайлы жариялады. Бірінші жағдай Египеттің араб әлемінен уақытша оқшаулануына алып келді, екіншісі – Египеттің халықаралық саудасаттыққа қызығушылығының деңгейін көтеруге, Батыстың Египет экономикасына белсенді дендеп енуіне және «левантиялықтар» деп аталатын әлеуметтік топтың пайда болуына мүмкіндік туғызды. (3.135б)

Левантиялықтар тобын байыған саудагерлер – делдалдар, жемқор мемлекеттік шенеуліктер және батыстың ықпалына түскен зияткерлер құрады. Олар батыстың технологиясына, мәдени құндылықтарына, тұтыну стандарттарына сұраным қалыптастырды. Осы жағдайға жауап ретінде дамудың баламалы жолын табу болды. («исламдық балама»).

1970 жылдары араб елдерінің ары қарай дамуына, экономикалық саясатына әсер еткен, араб әлемінде айтарлықтай маңызды өзгерістер белгіленді. Бұл жағдайға мұнай бағасының өсуі (1973 – 1975 жж. ОПЕК елдері мұнай бағасын 4 есеге дейін өсірді), әскери шығынның азаюы және азаматтық өндіріс үшін ресурстарды босатып алу, шет ел капиталының ағылуы, туризмнен түскен табыстың өсуі және Суэц каналын пайдалану сияқты факторлар әсер етті. Мұнайды экспорттайтын елдерде (Сауд Арабиясы, Кувейт, БАӘ) табыстың ұлғаюы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым құруға, жергілікті халықтың барлық топтарының өмір сүру деңгейін көтеруге мүмкіндік берді. Мұнайдан үлкен табыс таппайтын басқа да араб елдері соның ішінде Египетте керісінше макроэкономикалық жағдай нашарлап кетті: инфляция қарқыны көтеріліп, азық-түлік тапшылығы артып, есесіне сыртқы қарыз өсті.

1970 жылдардың екінші жартысы мен 1980 жылдардың басында экономикалық өсім қосымша қозғалысқа ие болды. Дегенмен, 1980-жылдардың екінші жартысында әлемдік шикізат нарығындағы жағдаят Египеттегі сауда-саттық шарттарына сәйкес жайлы жаққа

қарай өзгерді, ал макрoэкономикалық жағдай нашарлап кетті. Бір жағынан бюджеттің негізгі төрт көзінен түсетін кірістер (мұнай, туризм, Суэц каналы және жұмысшы-эмигранттар) азайып кетті. Ал, екінші жағынан Египеттің ішкі қарызы мен инфляция бірден өсіп кетті. Азық-түлік өнімдерінің тапшылығы артып, тұрғындардың өмір сүру деңгейі төмендеп кетті.

1991 жылы Египеттің сыртқы қарызы 50млрд.долларға жетті, бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімнің 20 % құраса, ал, инфляция жылына 27% дейін өсті.

1990 жылы қарыздың жалпы сомасы экспорт тауарлары мен қызметі бағасының 23% құраса, ал, 1991-1995 жж..аралығында 17.7 – 13.1%, 1996-2001 жж..аралығында 13.4 – 8.7 %, 2003-20008 жж..аралығында 12.1 – 5.1 % дейін төмендеді. Бұл өзгерістер Египет экспортының артуымен қарыз қайтару шарттарына байланысты болды.

Макрoэкономикалық жағдай көп жағынан кезекті болып отырған соғысқа байланысты өзгеріп отырды. 1990-1991 жж.. Парсы шығанағындағы соғысқа Египет антиирактық одақ құрамында қатысты.

Батыс елдері Египеттің осы әрекетіне сәйкес жауап берді. 1991 ж. Париж клубы шеңберінде, сондай-ақ, жекелеген қарыз берушілермен жүргізілген келіссөздер нәтижесінде, Египет 24.5 млрд.долл. сыртқы қарызын біртіндеп жабуға қол жеткізді және Париж клубы шеңберінде қалған қарыздың өтеу мерзімін 25 жылға ұзартты.

Сонау 80-жылдардың орта шенінде халықаралық қаржы институттары Египетке қарыздарының құрылымын қайта қарауға немесе бөліп жабуға айырбас ретінде Economic Reform and Structural Adjustmend Program (ERSAP) деген атпен белгілі ісшаралар кешенін өткізуді ұсынған болатын. Бұл аталмыш бағдарламаның бастамашысы әрі құрастырушысы АҚШтың халықаралық даму жөніндегі агентствосы (USAID) болды. Бұл жоба макрoэкономикалық тұрақтылық және экономика өсімін қалпына келтірудің құралы ретінде көптеген дамушы елдерге ұсынылған болатын. (4.1386)

ERSAP бағдарламасы қарастырады:

- Күрделі қаржы жұмсалымы мен өндіріс саласында бақылауды болдырмау жолы арқылы жеке кәсіпкерлікті ынталандыру, мемлекет меншігін иелену мәселері бойынша жекеменшік секторда кемсітушілікті болдырмау;

- Коммерциялық банктердің рөлін, валюттық нарықты ырықтандыруды және салым мен несие бойынша пайыздық мөлшерлемені нығайту;

- Көптеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылық тауарларына бағаны ырықтандыру;

- Кеден тәртіптемесі, экспорттық және импорттық операцияларды реттеу, инвестициялық, салықтық және валюталық заңнамалар, фирмалық құрылым сияқты сыртқы экономикалық байланыстардың аспектілерін реттеу саласындағы өзгертулер;

Бұл ұсыныстарды қолдануда Египетегі экономикалық реформа қаржылай және кредиттік-ақша тұрақтылығы бойынша бірінші кезектегі шараларды қарастырды. 1989-1990 жж. мен 1992-1993 жж. аралығында Египет жылдық инфляция қарқынын екі есеге, жалпы ішкі өнімдегі бюджет тапшылығы үлесін үш есеге азайтуға, төлем теңгерімі тапшылығын 1,2 млрд. долл. бюджет пайдасының 4 млрд. долларға алмасуына қол жеткізді. Египеттің сыртқы қарызы 46 дан 34,4 млрд. долларға азайды, ал, сыртқы қарызды жабу экспорттан түскен пайдадан үш есеге кеміді. Ал, басқа жағынан жалпы ішкі өнімнің жылдық өсімі бес есеге дейін азайып кетті. (5.4446)

1990 жылдардың соңына таман ресми статистикаға сәйкес макрoэкономикалық көрсеткіштер жалпы Египет экономикасының ілгерілемелі дамуын көрсетті. Жалпы ішкі өнім көлемі 1999 ж. 78,9 млрд. долл. жетіп, оның өсу қарқыны 6,2 % (1998 ж. – 5,7%) құрады. Жалпы ішкі өнімнің адам басына шаққандағы үлесі – 1320 долл. ал, 1990 ж. 970 долларды құраған болатын. Мемлекеттің алтын-валюталық қорын толтыратын басты тұрақты табыс көздері: шет елде жұмыс жасайтын египеттіктердің аударған ақшалары –3,8 млрд. долл., туризмнен түскен табыстар .– 3,2 млрд. долл, Суэц каналынан түскен 1,8 млрд. долл. табыстар болып табылды.

Араб Египет Республикасына шет елдерден келетін көмек көлемі кемімеді, жылына 2,5-3 млрд. долл. шамасында тұрақты болды. Артында АҚШ пен Евроодақ тұрған USAID және MEDA бағдарламаларының бағыты Египет экономикасына едәуір ықпал етті.

Египетке 1979 ж. жасалған Кэмп-Дэвид келісімі үшін «сыйақы» ретінде америкалық көмектің көлемі жылына 2 млрд. долл. құрады. Оның ішінде 1,3 млрд. долл. – әскери көмек болса, 0,8 млрд. долл. – экономикалық жәрдем болды. Вашингтон бастамасымен бұл көмектің экономикалық компоненттері алдағы он жыл бойы бірте-бірте азайып отыратын болды, (0,4 млрд. долл. дейін) оның есесіне Египет Араб Республикасы экономикасының әртүрлі салаларында тікелей америкалық инвестициялар көлемі артатын болды.

Египетке жасалған еуропалық экономикалық көмек жылына 500 млн. долл. құрады. Бұл көмектің америкалық көмектен басты айырмашылығы - бөлінген қаржының мақсаты - заманауи өнеркәсіп кәсіпорындарын салу, инфрақұрылым мен коммуникация объектілерін модернизациялауға жұмсалады.(6.46)

Тұрақты жүргізілген шаралардың нәтижесінде Египетте инфляция деңгейінің біршама төмендегені байқалды (1999 ж. 4 % аз болды.), ұлттық валюта курсының - египеттік фунттың - орнықтылығын ЕАР Орталық банкі сақтап отырды. Сондай-ақ, негізгі тұтыну тауарларының (шет елден келген) әсіресе, тұрғындардың аз қамтылған топтарының тұтынушы қоржынын құрайтын тұтыну тауарларының бағасы тікелей ұлттық валюта курсына бағынышты болды.

1991 ж. бастап Египетте экономика құрылымын өзгертуге бағытталған және ресурстардың, сауда пен өнеркәсіпті қолданудың тиімділігін арттыру мақсатында реформалар жүргізіле бастады.

Бұл жүргізілген реформалардың үш негізгі бағыттары: мемлекеттік секторды жекешелендіру, сыртқы сауда мен инвестицияны тарту мен ынталандыру және аграрлық реформа болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Васильев А.М. Египет и египтяне.- М., 2008, [225 с.]
2. Андреасин Р.Н. Капитализм в арабском мире: генезис, эволюция, противоречия. /Арабские страны. История, экономика, политика. //Сб-к статей. Изд. «Наука».- М., 1986,[10 с.]
3. Арабский мир.- М., 1990,[с 7-9.]
4. Абдуллах Рафид Али. Социально-экономические преобразования в развивающихся странах (на примере Египта) //Канд.дисс.- М., 1999, 138 с.
5. Марказ ад-дирасат ас-сийасийа уа-ль-истратиджийа биль-Ахрам. Ат-такрир аль-истратиджий аль-арабий. - Каир., 1994, [444 с.]
6. Аль – Хаят. - Каир., 2000,[2 с.]

ӘОЖ 327.8(510)

ҚХР СЫРТҚЫ САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Нұрғали Аида Сәбитқызы

Aida_nurgali@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Халықаралық Қатынастар факультетінің «Шығыстану» кафедрасының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Қайыркен Т.З.

Қытайдың сыртқы саясатының бағыттары 1960-1990 жылдардағы ҚХР-дың сыртқы саяси концепцияларының дамуымен тікелей байланысты.